Аялаймын сені, Қызылорда!

Ақмешіт апталығы

21 ақпан сейсенбі
№15 (1922)
2023 жыл

Газет 1994 жылдың 15 сәуірінен бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ИНТЕРНЕТ: ЖАҚСЫ ДҮНИЕНІҢ ДЕ ЖАМАНЫ БАР

Интернет. Бұл ұғымның біздің өмірімізге түбегейлі еніп алғанына көп болған жоқ. Дегенмен бір күндік өмірімізді интернетсіз елестете алмаймыз. Ауа-райы, жаңалықтар, байланыс тіпті кейде ақшамызды да интернетсіз пайдалана алмайтын күнге жеттік. Әрине, оның пайдасын көретін кездеріміз аз емес. Алайда зиянын шегіп, зардабын көріп, интернеттен опық жеген адам көбейді. Алдын алу шаралары да атқарылуда. Бірақ неге тоқтам жоқ?

АЯҚ БАССАҢ – АЛАЯҚ

Жыл басында, 5 қаңтарда 39 жастағы қызылордалық азаматша 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айырылды. Оның темір торға тоғытылуының басты себебі – алаяқтық. Бұл сөзге бүгінде құлақ етіміз үйреніп кеткенінің өзі өкінішті. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 190-бабының 3-бөлігінің 4-тармағымен, алаяқтық бойынша айыпталған әйел «Несие алып беремін және медициналық мекемеге медбике болып жұмысқа орналастырып беремін», – деп екі адамды алдап, 850 мың теңгесін қолды қылған.

Жалпы өткен жылдың 9 айында Қызылорда облысында 591 алаяқтық қылмыс тіркелген. Соның ішінде интернетті пайдалану арқылы өзгенің қаражатын иелену бойынша 329 оқиға орын алған. Сондай-ақ бұл қылмыстардың көбі біздің күнделікті қолданатын «WhatsApp», «OLX», «Kolesa.kz» және «Крыша» секілді әлеуметтік желі мен маркетплейстерде болған.

Алаяқтық туралы бүгінгі қоғамда аз сөз айтылып жүрген жоқ. Бүгінгінің басты мәселесіне айналған алаяқтықты азайту, алдын алу үшін ақпараттық ескертулер толастамады. Дегенмен бұған қарамастан интернет алаяқтықтың құрбанына айналғандар әлі де бар. Сенатор Амангелді Толамисов Премьер-Министр Әлихан Смайыловтың атына жолдаған депутаттық сауалында интернеттегі алаяқтық деректерінің таралуына қатысты мәселені көтерді.

Сенат депутатының айтуынша, соңғы 5 жылда елде интернеттегі алаяқтық көрсеткіші 10 есеге өскен. Күнделікті өмірде цифрлық желілерді кеңінен қолдану бұған себеп болуда. Адамдардың аты-жөні мен ЖСН-і секілді мәліметтерді алаяқтар пайдаланылуы мүмкін.

– Атап айтқанда, еліміздегі банктердің смартфондарға арналған қосымшалары мен сайттары кез келген азаматқа ЖСН және жеке куәлік нөмірі бойынша салықтар мен айыппұлдар туралы ақпарат алуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде азаматтардың дербес деректерін заңсыз пайдалануға әкелуі мүмкін. Азаматтардың құқық қорғау органдарына осындай жағдайлармен жүгінуін мысалға келтіруге болады. Азаматтардың жеке деректерін пайдалана отырып, интернет және телефон арқылы алаяқтық әрекет жасауға қарсы іс-қимылдың тиімділігін арттыру қажет. Атап айтқанда, киберқылмысқа, оның ішінде азаматтардың жеке деректерін пайдаланып істелетін қылмыстарға кешенді талдау жүргізу керек, – деді Амангелді Толамисов.

3 БЕТТЕ

«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП»: биыл 10 мектеп бой көтереді

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында аймақта алдағы екі жылда 21 білім ошағын салу жоспарлануда. Соның ішінде биыл 10 мектептің іргетасын қалау көзделуде. Осы орайда «Samruk-Kazyna Construction» АҚ басқармасының төрағасы Мәулен Айманбетовтың қатысуымен жиын өтті.

Жиында аталған жобаның орындалу барысы пысықталды. Облыстық құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы Ерлан Төрәлиев «Жайлы мектеп» жобасымен атқарылуы тиіс жұмыстарға тоқталды. Аймақта ұлттық жоба екі кезең бойынша іске асатын болады. Алғашқы кезеңде бой көтеретін 10 мектептің жер учаскелері бүгінде нақтыланған. Ол инженерлік желілермен қамтамасыз етілген халыққа қолайлы аумақтан бой көтермек.

– Қала бойынша Сырдария өзенінің сол жақ жағалауынан 900 орындық мектептің құрылысы үшін 3,7 гектар, Арай және СПМК мөлтек ауданындағы 2000 орындық мектепке 3,8 гектар, КБИ мөлтек ауданындағы 600 орындық білім ордасына 2,04 гектар, сондай-ақ Қызылжарма ауылдық округіндегі 900 орындық мектепке 2,5 гектар жер учаскелері табысталды. Ал Арал ауданындағы 2 мектепке 2,04 гектар жер, Қазалы ауданы, Жанқожа батыр ауылындағы 300 орындық мектеп құрылысына 2,8 гектар жер, Жаңақорған ауданындағы 600 және 300 орындық білім ордаларына 2,2 гектар жер телімдері берілді. Келер жылы құрылысы басталатын 11 мектептің жер телімдері нақтылануда, – деді басқарма басшысы Ерлан Төрәлиев.

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ басқармасының төрағасы Мәулен Айманбетов атқарылып жатқан жұмыстарға оң бағасын берді. Десе де жоба аясындағы жұмыстар жіті қадағаланатынын да атап өтті.

– «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынатын білім ордаларында 25 пайызға дейін заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіледі. Тағы бір ерекшелігі, мектептердің өз логотипі мен ішкі және сыртқы құрал-жабдықтары бірдей толықтырылады. Сондай-ақ бұл мектептер қай елдімекендерде салынатын болса да халыққа ыңғайлы аумақта болуы қажет. Яғни, ата-аналар мен оқушылардың мектепке баруы қиындық тудырмауы тиіс. Бұдан бөлек, мектеп орналасқан шағын аудандардағы жолдарда көше жарықтары мен бейнебақылау камералары міндетті түрде болуы керек. Ол оқушылардың қауіпсіздігі үшін аса маңызды, – деді басқарма төрағасы.

«Ақмешіт-ақпарат»

CNN CNN CNN

ТЕКЕТІРЕС КҮШЕЙДІ

Ресей мен Украина соғысы әлі де жалғасып жатыр. Еуропа елдері де соғысқа қарсылығын білдіріп, Украинаға максималды көмек беруге ұмтылуын тоқтатқан жоқ. Сондай-ақ АҚШ соғысқа қатысты кезекті мәлімдемесін айтты. Соғыс аясында болып жатқан оқиғалар турасында сағат сайынғы жаңалықтарын CNN жариялауды тоқтатқан жоқ. Біз де ең маңызды ақпараттарды оқырман назарына ұсынып отырмыз.

CNN тілшісі Жасмин Райт «Блинкен «Қытай Ресейге көмек беруі мүмкін», – деді» тақырыбында мақала жариялады. АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Энтони Блинкен Америка Қытай тарапынан Ресейге берілуі мүмкін көмектен қауіптеніп отырғанын мәлімдеді. Әсіресе Қытай Ресейге жойқын қару беруі мүмкін деген күдік басым.

– Біз мұны мұқият бақыладық. Бізде бар ақпарат бойынша Қытай оларға «өлімге» алып келетін қару жіберуі мүмкін. Егер дәл ондай қолдау көрсетсе біздің тарапымыздан жауап болатыны Қытайға ескертілді, – деді Блинкен Мюнхенде CBS телеарнасының «Face The Nation» бағдарламасына берген сұхбатында. Блинкен әзірге дәлелдерді көрсете алмайтынын айтқанымен жақын арада «барлығы» болатынын астарлап жеткізді.

Алдын ала ақпарат бойынша АҚШ қытайлықтар Ресейге «ешкімге білдірмей» көмек көрсетіп, «таптаза» болып шыққысы келеді деп күдіктеніп отыр.

Сенатор Линдси Грэм Байден әкімшілігін украиналық әскерилерді ертерек «F-16» ұшақтарын басқаруды үйретуді сұрады. Сенатор Байденге Путиннің қарым-қатынасын қорқуды емес, Путинді ертерек жеңуді сұраған. Бұл туралы арнаға Аарон Пеллиш жазды.

Сонымен қатар Миа Альберти мен Сугама Покхарель Украина қару-жарақ мұқтаж екені туралы жазды. Еуроодақтың бас дипломаты Джозеп Боррель Украинада қару мен оқ жетіспеушілігі байқалатынын алға тартып, еуропалық елдерді ертерек көмек беруге шақырған.

Одақтың сыртқы істер жөніндегі бас дипломаты көмек берушілер танк жеткізіп беру туралы шешім қабылдай алмай жатқан кезде Украина қарулық жетіспеушілікке тап болғанын айтуда. «Ұзақ уақыттық мәселелерді шешеміз деп жүргенде шұғыл мәселелерді назардан тыс қалдырмаңыздар. Украинаны қолдаушылар көп, бірақ қаруы мен оқ аз. Бұл парадокс. Олар қазір құр қолдаудан гөрі материалдық демеушілікке мұқтаж», – деді Боррель.

Соғыс аясында Молдова да алаңдаушылық білдіруде. Билік қазір өз аумағына «абайсызда» түскен зымыраннан емес, Ресейдің ел үкіметін құлатуы мүмкін деп алаңдаулы.

Өткен айда Молдованың қауіпсіздік қызметінің басшысы 2023 жылдың басында елдің шығыс аумағына Ресейден қауіп төнуі мүмкін екенін айтты. Дүйсенбіде Молдова президенті Майя Санду Ресейдің оның үкіметін тұрақсыздандыруға бағытталған жоспары туралы ескертті. Алайда Ресейдің сыртқы істер министрлігі мұны жоққа шығарды.

Жалпы Молдова жері Ресейге Украинамен соғыста аса тиімді. 1991 жылы Кеңес Одағы ыдыраған кезде Шығыс Еуропада бірнеше «тоқтап тұрған» қақтығыс аймақтары пайда болды. Соның ішінде Молдованың Украинамен шекарасындағы Приднестровье деп аталатын жер де бар.

Бұл аумақ Молдованың тәуелсіз мемлекет болу немесе Румыниямен бірігу әрекеттеріне қарсылық білдіріп, 1990 жылы өзін «Кеңестік» республика деп жариялады. Келесі жылы Молдова тәуелсіздік алған кезде Ресей «бейбітшілік күштері» деп аталатын әскерін Приднестровьеге тез арада жеткізді. Міне, сол аймақты да Мәскеу әдеттегіше «Орыстарға қысым көрсетуде», – деп айыптап жатыр. Ресей Донецк пен Луганскіні де осындай айыппен басып алған болатын. Міне, осы себеппен және Украинаға шабуыл жасауға ыңғайлы аумақ болғандықтан Молдова Ресейден сескеніп отыр.

4 БЕТТЕ

№6 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Абдукаликов Муса Жакиповичтың сайлауалды бағдарламасы

ӨМІРДЕРЕК

Абдукаликов Муса Жакипович 1963 жылы 8 сәуірде Қызылорда облысы, қазіргі Шиелі ауданы, Сұлтөбе ауылында дүниеге келген.

1970-1975 жылдар аралығында Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Сұлтөбе ауылындағы №41 М.Ломоносов атындағы орта мектепте, 1970-1975 жылдары Қызылорда қаласындағы №235 орта мектепте, №120 орта кәсіптік техникалық училищеде білім алған.

1981-1986 жылдары Ленинград қаласындағы «Су көлігі және порттар» институтын инженер-гидротехник мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1986 жылы Қызылорда қаласындағы «ПМК-29» мекемесінде шебер қызметінде бастаған.

1986-1988 жылдары аралығында Қарулы күштер құрамында әскери борышын өтеді.

1988-1990 жылдар аралығында «Жилстрой» құрылыс басқармасында учаске бастығы;

1990-1997 жылдар аралығында «Қызылорда құрылыс комбинатында» учаске бастығы;

1997-2000 жылдар аралығында М.Мәметова атындағы гуманитарлық колледжде инженер-құрылысшы;

2000 жылдан бастап «Астана Сервис Ltd» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде басшы қызметін атқарып келе жатыр.

Қызылорда облысы әкімі және Қызылорда қаласы әкімінің «Құрмет» грамоталарымен, Тұңғыш Президент-Елбасының «Алғыс» хатымен марапатталған. Абдукаликов Муса Жакипович Қазақстан Республикасының Құрметті құрылысшысы әрі Қызылорда қаласының Құрметті азаматы, сондай-ақ ҚР Парламенті Сенаты төрағасының Алғысымен марапатталды.

Отбасылы.

VI, VII шақырылымдағы Қызылорда қалалық мәслихатының депутаты.

«Amanat» партиясының мүшесі.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қымбатты жерлестер!

Мемлекет басшысының Жарлығы негізінде 19 наурызда ҚР Парламенті Мәжілісі мен жергілікті мәслихат депутаттарының сайлауы өтеді. Өзім VI, VII шақырылымдарда Қызылорда қалалық мәслихатының депутаты болдым. Сондықтан қаланы жан-жақты дамытудың барлық мәселесі мәслихат депутаттары арқылы шешілетінін жақсы білемін. Халық қалаулысы бола жүріп, бірқатар мәселенің оңтайлы шешілуіне ықпал еттім. Дегенмен әлі де шешімін күткен мәселе аз емес. Себебі Қызылорда қаласы жыл санап үлкейіп, кеңейіп келеді. Сәйкесінше, тұрғындар саны да артуда. Ал тұрғындар толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселені алдымен өздері сайлаған депутаттарға айтып жатады. Себебі депутат – халық қалаулысы ғана емес, сонымен қатар елдің аманатын арқалайтын жан.

Әділетті қоғам құруға бет бұрған, Жаңа Қазақстанға қадам басқан бүгінгідей күрделі кезеңде депутат болып, зор жауапкершілік арқалау, ел мүддесі үшін еңбек ету кімге болса да сын. Осындай шақта «Amanat» партиясының атынан Қызылорда қаласындағы №6 сайлау округі бойынша қалалық мәслихат депутаттығына үміткер ретінде ұсынылдым. Сайлаушылар сенім артып, мәслихат депутаты болсам бірқатар бағыт бойынша жұмыс істеймін.

Бірінші, №6 сайлау округі Әл-Фараби шағын ауданын қамтығандықтан қаланың осы бөлігін барынша жайлы өмір сүруге қолайлы орта ретінде дамытуға ықпал ету.

Екінші, жол сапасын жақсартуға, асфальттауға, тозығы жеткен жолдарды жөндеуге қажетті қаржы бөлдіру.

Үшінші, депутаттыққа үміткер ретінде түсіп жатқан Әл-Фараби шағын ауданындағы күрделі проблеманың бірі болып тұрған аяқсу мәселесін шешу.

Төртінші, тұрғындарды сапалы әрі арзан азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін әлеуметтік дүкен ашу бағытында жұмыс істеу.

Бесінші, Әл-Фараби шағын ауданындағы мектепте қазір 2000-нан аса бала оқиды. Негізі 774 орындық мектеп. Мәселені шешу үшін қосымша ғимарат салуға ықпал ету.

Алтыншы, 261 мектепке қосымша 3 спорт ойын алаңын салу бағытында жұмыс істеу.

Жетінші, көпшілікті бұқаралық спортқа тарту мақсатында Әл-Фараби шағын ауданынан кем дегенде 2 спорт ойын алаңын салуға ықпал жасау.

Сегізінші, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында учаскелік полиция пунктін ашуға ықпал ету.

Құрметті сайлаушылар!

«Amanat» – елдікті мақсат еткен, дүйім жұрттың бірлігін көздеген партия. Бұл партияның біздің еліміздегі ең басты саяси ұйым екені де белгілі. Демек атқаратын ісі де ауқымды деген сөз.

«Amanat» партиясының сайлауалды бағдарламасы – партияның Саяси тұғырнамасының, Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсысымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасының негізгі аспектілерін және партиялық жобаларды қамтитынын атап өткім келеді. Партияның сайлауалды бағдарламасы ел халқының өмір сүру сапасы мен әл-ауқатын арттыруға негізделген. Сол себепті де сайлаушыларды «Amanat» партиясы мен осы партиядан кандидат өзіме дауыс беруге шақырамын!

Ең бастысы, Әділетті Қазақстанды құру жолында бірге болайық!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

№13 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Бимұратов Нұрлан Мұсахметұлының сайлауалды бағдарламасы

ӨМІРДЕРЕК

Мен, Бимұратов Нұрлан Мұсахметұлы, 1982 жылдың 11 мамырында Қызылорда облысы, Жанақорған ауданы, Төменарық кентінде дүниеге келдім.

3 жоғары білімім бар. 1999 жылы Қызылорда экономика, экология және құқық академиялық университетінде заңгер мамандығы, 2010-2012 жылдары Қорқыт ата атындағы ҚМУ-да экономика және бизнес мамандығы, 2014-2016 жылдары Қазақ қатынас жолдары университетінде тасымалдауды, қозғалысты ұйымдастыру және көлік мамандығы бойынша білім алдым.

Еңбек өтілімді 2003 жылы «ГүлАйым» ЖШС-да заңгер қызметінен бастап, 2006-2008 жылдары аралығында Бас әскери прокуратурада бас маман қызметін атқардым.

2008-2011 жылдары Қызылорда облысы бойынша ЭСЖҚД (қаржы полициясы) инспектор қызметінде болдым.

2011-2012 жылдары СБК «Билдинг» ЖШС-да экономика жөніндегі орынбасар 2013-2020 жылдары аралығында «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ «Қызылорда жол бөлімшесі» филиалында заңгер, мамандар бөлімінің, персоналмен жұмыс жасау бөлімінің, шаруашылық секторының бастығы қызметтерін атқардым.

2020-2022 жылдары «ҚТЖ жүк тасымалы» АҚ «ГП Қызылорда бөлімшесі» филиалының өндірістік бөлім бастығы қызметін атқардым. Қазіргі таңда «ҚТЖ ҰК» АҚ Қызылорда бөлімшесі директорының Вокзал шаруашылығы жөніндегі орынбасары лауазымындамын.

Отбасылымын, 4 бала тәрбиелеп отырмын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Қадірлі сайлаушылар!

Әділетті Қазақстанды құру нақты мақсат пен жүйелі жоспар негізінде жүзеге асатыны анық. Мен, Қызылорда қалалық мәслихат депутаты мандатында аймақ тұрғындары үшін маңызға ие бірнеше мәселені шешуге талпынамын. 19 наурызда өтетін сайлауға Қызылорда қаласындағы №13 сайлау учаскесі бойынша өз кандидатурамды ұсынып отырмын. Осы орайда өзіме бірқатар міндет қойдым:

1. Қала халқы үшін өзекті мәселеге айналған су мәселесіне қатысты тұрғындар ұсынысын назарға алу. Осыған орай қаладағы аяқсу, ауызсу жүйесін жөндеу жұмыстарын бағдарлау және тиісті сала мамандарының инфрақұрылым жобаларының жүзеге асу процесін бақылауды қолға аламын.

2. Тұрғындардың басты қалауының бірі – сапалы жол. Сондықтан алдағы уақытта қала орталығы ғана емес, шеткері аймақтардағы қала көшелерінің жөндеуден өтуін қамтамасыз етуге күш салып, жол мәселесіндегі олқылықтарды мамандармен бірлесе анықтап, тиісті сала басшыларының назарына ұсынатын боламын.

3. Әлеуметтік нысандардың, яғни білім беру, спорт, денсаулық сақтау, мәдениет үйлерінің материалдық-техникалық базасын нығайту жолдарын қарастырып, шешуге жұмыс жасауды қолға аламын. Әсіресе, бұқаралық спортты дамыту мен ойын алаңдарының санын арттыруға басымдық беремін.

4. Келешектің тұтқасы – балалар. Әрбір мемлекеттің өркендеуінің басты ұстыны білімді де өнерлі жасқа тәуелді. Осы орайда оқушылардың өнер, спорт үйірмелерімен қамтылуын бақылап, аталған бағыттағы жобаларды қолдауға күш саламын.

5. Қазіргі таңда қала тұрғындары қаладағы кәріз жүйесінің ақауына наразы. Осыны ескере отырып, қаладағы кәріз жүйелерінің жаңартылуын, тиісті бақылау жұмысын тұрақты жүргізілуін назарға аламын. Сонымен қатар кәріз құбырын ауыстыру жобаларының жүйелі жүргізілуіне бақылау жасаймын.

Құрметті жерлестер!

Мен Қызылорда қаласы тұрғындарын алаңдатқан әлеуметтік мәселелердің шешім табуы және халықтың ой-пікірінің ескерілуін қамтамасыз етуге үлес қосу үшін сайлауға қатысамын. Бірлік пен ынтымақ – өзгеріс бастауы. Сіз іргесі мығым мемлекетті қалыптастыруға үлес қосып, қолдау білдіріңіз!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

№13 сайлау округі бойынша Қызылорда қалалық мәслихат депутаттығына кандидат Абдулла Насир Абдуллаұлының сайлауалды бағдарламасы

ӨМІРДЕРЕК

Абдулла Насир Абдуллаұлы 1982 жылдың 25 тамызында Қызылорда қаласында өмірге келген.

1989-1999 жылдары Қызылорда қаласындағы №253 мектепте білім алған.

1999-2003 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде физика-математика мамандығы бойынша оқыған.

2012-2014 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін экономист мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2003 жылы «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ қарасты Теміржолсу Қызылорда филиалында жұмысшы болып бастаған.

2004-2008 жылдары «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ қарасты Теміржолсу Қызылорда филиалының келісім-шарт бөлімінде инженер;

2008-2012 жылдары «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ қарасты Теміржолсу Қызылорда филиалының өндірістік техникалық бөлімінде жетекші инженер;

2012-2014 жылдары «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ қарасты Теміржолсу Қызылорда филиалы өндірістік техникалық бөлімнің басшысы;

2014-2022 жылдары «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ қарасты Теміржолсу Қызылорда филиалында бас инженер;

2022 жылдың желтоқсан айынан бастап осы кезге дейін «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ қарасты Теміржолсу Қызылорда филиалының директоры болып еңбек етіп келеді.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті жерлестер!

Ер-азамат үшін халық сеніміне ие болып, ел мүддесі үшін еңбек ету басты міндет саналады. Жаңа Қазақстан деп ұрандатқан қазіргідей кезеңде ел сенімін арқалау да оңай емес. Соған қарамастан 19 наурызда өтетін сайлауға №13 сайлау учаскесі бойынша өз кандидатурамды ұсынып, туған қаламның өркендеуіне үлес қосуға бел байладым.

Депутат деген мәртебелі мандатқа қол жеткізсем, Қызылорда қаласындағы №13 сайлау учаскесі бойынша мынадай өзекті мәселелердің оң шешім табуына жұмыс істейтін боламын:

1. Көпқабатты тұрғын үйлердің жоғарғы қабаттарына ауызсу бармай жататыны жасырын емес. Осы мәселені шешу мақсатында жұмыс істеу;

2. Көпқабатты тұрғын үйлердің аулаішілік жолдарын жөндеу мақсатында жұмыс істеу;

3. Кәріз жүйелері мен аяқсу мәселесінің оң шешім табуына ықпал ету;

4. Көпқабатты үйлердің аулаішілік жарықтандырылуын қамтамасыз ету;

5. Оқу бітірген жастардың жұмыспен қамтылуына ықпал ету;

6. Көпқабатты тұрғын үйлердің жаңғырту жұмыстарына ден қою;

7. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында көпқабатты тұрғын үйлердің аулаларына бейнекамералар орнатуға ықпал ету;

8. Көркейту-көгалдандыру жұмыстарының өз деңгейінде жүруіне атсалысу;

9. Сайлау округінде орналасқан мектептің заманауи жабдықтармен қамтылуына қолдау білдіру;

10. Балалар мен жастардың тәрбиесіне ден қою мақсатында жастар ұйымдарымен жұмыс істеу;

11. Жастар тәрбиесі мен ұлттық құндылықтарды ұштастыру мақсатында облыстық, қалалық ардагерлер кеңестерімен байланыс орнатып, түрлі форматтағы кездесулер ұйымдастыруға атсалысу;

12. Сайлаушылардың талап-тілегіне сай оң шешімдердің қабылдануына ықпал ету.

Қадірлі сайлаушылар!

Халық мені қолдаса, мен халықтың үмітін ақтау үшін барымды саламын! Өйткені менің басты мақсатым – ел сенімін ақтау! Сол себепті де сайлаушыларды маған дауыс беруге шақырамын!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді.

Жүгіру жұрттың бәріне пайдалы ма?

Әдетте спортпен айналысу дегенде адамдар бірден таңертең немесе кешке жүгіру туралы ойлайды. Жүгіру және жаттығу – біздің спорттық ұғымымызды білдіретін негізгі тірек сөздер.

Рас жүгіру, спорттық жүгіру – жеңіл атлетиканың негізгі бір түрі. Оның тегіс жерде әртүрлі қашықтықта жүгіру (жүгіру жолымен және тас жолымен), кедергілерде жүгіру, сондай-ақ стипль-чейз, кросс, марафон сияқты түрлері бар.

Адамзат баласының қай уақыттан жүгіруді спорттың түрі ретінде тани бастаған тарихы да қызықты. Біздің заманымыздан 776 жыл бұрын I олимпиялық ойындар бағдарламасында жүгіруден жарыс өткен. Жарыс жолының қашықтығы 192 метр 27 сантиметрге тең болып, ол стадидром деп аталған, яғни сол кездегі жарыс өткен стадионның жалпы ұзындығына сәйкестеліп алынған. XVII ғасырдың орта кезінен бастап Англияда кәсіпқой жүгірушілер пайда болды. Олар көбіне алыс қашықтықта сынға түсті.

Қазақ халқының ауыз әдебиетінде желаяқтар туралы аңыз-әпсаналар бұрыннан белгілі. Аңыз боп жеткен желаяқтар жарысын шындыққа айналдырған кәсіби ереже бойынша жүгіру өнері қазақ топырағына XIX ғасырдың соңына таман жетті. Ресми жарыстар негізінен XX ғасырда өткізіле бастады.

Қазақ жастары арасында тұңғыш желаяқ Ғұсман Қосановтың есімі 1960 жылы Рим қаласында XVII олимпиалық ойындарда кеңінен танымал болды. Ол эстафеташылар бәсекесінде күміс жүлдегер атанды. Қысқа спиринттік қашықтықта жүгіруші Әмин Тұяқов 1966 жылы Еуропа кубогін еншіледі. Осы 1966 жылдан бері қарай 2000 жылдарға дейін С.Исамбаев, Ә.Байтықов, Е.Жамбылов, Б.Күреңкеев сынды санаулы қазақ баласының аты шықты. 2000 жылы Сидней олимпиадасында О.Шишигина алтын медаль жеңіп алғанын жұртшылық жақсы біледі.

Жүгіру дегеніміз қазаққа таңсық болмағанмен әлемдік биіктерде көк байрағымызды желбіреткен желаяқтарымыз некен-саяқ. Бұл өзі аса көп қаржыны қажет етпейді де. Таза ауада алқынып қалмайтын адамның сау өкпесі ғана маңызды және спорттың осы түріне асқан құштарлық, табандылық пен талант керек. Бағы жанса, бабы шабады.

Мансұр САДАҚБАЕВ

ИНТЕРНЕТ: ЖАҚСЫ ДҮНИЕНІҢ ДЕ ЖАМАНЫ БАР

Расында, қазіргі кезде адамдардың жеке деректерін сақтауды күшейту маңыздырақ. Мобильді қосымшалардағы дерек қорының қолжетімді болғаны жақсы, әрине. Бірақ алаяқтардың, кибершабуылдың зардабын шегетін күнге жеткізбеу маңызды.

Ал алаяқтар мәселесін шешу үшін әрбір адам өз жеке деректеріне бей-жай қарамай, алғашқы қоңырау соққан адамға-ақ мәліметтерін беруден сақтануы тиіс. Онлайн сауда озып тұрған кезеңде алдайтын адамдардың барын ұмытпауы керек. Полиция мұндай істерді күнделікті ашуға тырысып, ақшаны оңай иемденгендерді ұстауға тырысып бағуда. Алайда кейбір қоңырау, тіпті вирустық қосымшаларды шетел азаматтары жасауы мүмкін екені назарда болуы керек. Сан соқтырып кеткен алаяқтарды құрықтау қашанда оңай бола бермейтінін түсінсек. Тірнектеп жинаған теңгемізбен арам ойлылардың қалтасына кетпеудің басты жолы – өз қауіпсіздігімізді қамтамасыз ету.

БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ БЕЙІМДЕЛУ КЕРЕК

Қазіргі кезде әр кішкентай баланың қолында бір-бір смартфон бары біздің қоғамға үйреншікті болып кеткелі біраз болды. Әрине, бұл ең алдымен баланы күнделікті өмірде бақылау, байланысу үшін таптырмас құрал болып тұр. Тіпті сол смартфон арқылы балаңыздың қай жерде жүргенін де көруге болады. Алайда баланың да смартфонды өз қажеттілігіне пайдаланатыны бар. Бірақ оның не ойнап, не көріп жүргенін немесе әлеуметтік желіде кімдермен тілдесетінін барлығы біле бермейді.

Соңғы уақытта балалар арасында суицид көбейіп, жүйке жүйесі нашарлаған баланың өзгеге шабуыл жасауы артты. Мұны қоғам интернетте ойын ойнаған, әлеуметтік желідегі біреу сондай тапсырма берген деген оймен қорытындылап жатады. Ал сол қауіпсіздікті ең бірінші ата-ана қамтамасыз етуі керектігін есінен шығарып алғандар жоқ емес.

Кибербуллинг мәселесі бүгінде көп айтылып жүр. Әлеуметтік желіде қоқан-лоқы көрсету, бопсалау деректері көбейіп кетті. Әсіресе 2020 жылғы пандемия салдарынан енгізілген карантин кезінде көпшілік бос уақытын әлеуметтік желіде өткізді. Сол уақытта «онлайн қылмыскерлердің» зардабын шеккен адамдар саны артты. Бұл туралы 2020 жылы «Қазақстанның интернет ассоциациясы» президенті Шавхат Собиров айтқан еді.

− Расында, карантин мен пандемия барлық адамды, әсіресе жасөспірімдер мен балаларды желіге жіпсіз байлап қойды. Алайда интернет тек уақытты қызықты өткізу мен байланыс орнату құралы емес екенін түсінуіміз керек. Мұнда алаяқтық фактілері, сонымен қатар кибербуллинг те кездеседі. Карантин кезінде және одан кейін де бізге балаларының кибербуллингке тап болғанын айтып, шағымданған ата-аналар көбейді. Ең басында келемеж қылудан басталатын дүние ақырында бопсалауға дейін барады», − дейді ассоциация президенті.

Шавхат Собировтың айтуынша, 2011-2019 жылдары ассоциацияға интернеттегі бопсалау туралы 19 мың хабарлама келіп түскен. Ал пандемиядан кейінгі уақытта бұл көрсеткіштің тағы да артқаны анық.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылы Жолдауында бұл мәселені көтеріп, заң жобасын қабылдауды тапсырған еді. Мемлекет басшысы өткен жылы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау, білім беру, ақпараттандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңына қол қойды. Дегенмен бұл заң негізінен интернет-ресурстардың, әлеуметтік желілердің және мессенджерлердің жұмысын өз қалауы бойынша шектей немесе тоқтата алмайтынын және тек балаға қатысты кибербуллинг деп танылған ақпаратты ғана жоюға болатынын айтқан.

Алайда жеке адамдардың балаларыңызды қорқыту фактілерін, психикасына нұқсан келтіретін ойындарды ойнамауын бақылау ең бірінші кезекте ата-ананың міндетінде. Бұл үшін қазіргі смартфондарда арнайы «Ата-ана бақылауы» секілді арнайы функцияларды пайдаланып үйренуі қажет. Одан бөлек баламен арнайы байланыс орнату да маңызды.

Басы 1-бетте

ПСИХОЛОГ: «УАҚЫТ ЖОҒЫН СЫЛТАУРАТАМЫЗ»

Мәселенің мәнісін анықтау үшін арнайы маманға да жүгінуді жөн көрдік. Психолог маманнан балаларды буллингтен қорғау, желідегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолдарын сұрастырдық. Бізді мазалаған сұрақтарға «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің психологы, садху терапевт Гүлжайна Нетбаева жауап берді.

− Жасөспірім шақ – бала мінез-құлқының ең құбылмалы кезеңі. Ерме мінез, көнбістік, ашушаң болу, агрессия, ішкі эгоның шектен тыс көріністері де осы кезеңде біліне бастайды. Бала бойында сыртқы ортадағы кез келген әрекетке тез бейімделушілік пен қабылдап алу синтезі жүреді. Кибербулингке ұшыраған жеткіншектің сәйкесінше мінез-құлқы өзгере бастайды. Мәселен, ашық-жарқын, аққөңіл, барлық адаммен тіл табыса алатын бала керісінше тұйықталып, ашушаң болып, қоғамнан өзін бөлектеп алады. Қолындағы телефонын ешкімге көрсетпей, жасырып, құпиясөзін өзгертіп, жеке шекарасын бекітіп қояды. Ақшаға қажеттілігі артады, ата-анасынан ақша сұрап, жөнсіз мазалай бастайды. Үнемі күдіктеніп, күмәнданып жүреді. Негізінен мұндай қысымға мінез-құлқы тұрақталмаған, бала кезінен отбасынан қысым мен жәбір көрген, мейірімге мұқтаж, психикасы тұрақталмаған жастар еріп кетеді. Кез келген тәрбие отбасынан басталатынын ескерсек, баланы жасқаншақ емес, ойын ашық айта алатын еркін әрі батыл етіп тәрбиелеудің маңызы зор, – дейді Гүлжайна Ғабитқызы.

Психолог өз сөзінде бүгінгі ата-аналардың бала тәрбиесіне немқұрайлы қарайтынын да алға тартты. Уақыт тапшылығын сылтауратып, бір смартфонмен баласын «алдап» қоятын ата-аналар көбейгені рас. Бұл туралы маман: «Баланың қалыптасуында ата-ана рөлі жоғары. Әсіресе мінез-құлқы отбасындағы ахуалға қарай қалыптасатын сәттер көп. Бүгінде нарықтық қоғам ақшаға, материалдық қажеттіліктерге баса назар аударады. Барлық адами ресурс қаржыға келіп тіреледі. Адамға өмір сүруі үшін нәпақа тауып, жұмыс істеуіне тура келеді. Сондықтан баласының күн ұзақ немен айналысып жатқанын білмейтін ата-аналар көбейді. Бұл мәселені шешу өте қиын. Қатарынан қалмасын деп, қолына қымбат телефонды алып беріп қоямыз. Ал ішіне жаһанды сыйғызған смартфоннан баламыздың не көріп, не үйреніп жатқанын білмейміз. Әрине, уақыт тапшы деп өзімізді алдауымыз мүмкін. Шынтуайтында, ата-ананың бала алдындағы жауапкершілігі де төмендеген сияқты. Бастысы, «Менің мазамды алмаса болды» дегендей көзқарас бар екені шындық. Дәстүрлі отбасы институтының әлсірегенін содан-ақ көруге болады. Тәрбие беретін ата-аналардың өзін тәрбие мектебінен өткізу қажеттілігі туындап тұрғандай», − дейді.

Психолог маманнан кибербуллингке ұшыраған баланы ертерек анықтау жолдарын да сұрадық. Мұндай кезде баланың мінез-құлқы қалай өзгеретінін, оны байқаған адамның не істеу керектігін айтты.

− Мұндай кезде салмақ пен жауапкершілік ата-анаға түседі. Одан кейін тәрбие ошағы саналатын білім ордаларына, ортасы мен достарына да байланысты. Негізі мектептерде ұстаздарға арналған арнайы нұсқаулықтар бар. Онымен пән мұғалімдері де, сынып жетекшілері де таныс. Оның мазмұнына тоқталатын болсақ, егер мұғалім баланың мінез-құлқындағы бір өзгерісті байқаған болса, онда оқушыны мұқият бақылауға алуы керек. Баланың кибербуллингке, жоғары сынып оқушыларынан әлімжеттік көріп не бопсалауға ұшырағанын байқаса, дереу мектеп әкімшілігіне және ата-анасына хабарлауы тиіс. Сонымен бірге мектепте психолог-педагог мамандар жұмыс істейді. Олар да баламен сөйлесіп, психологиялық қолдау жұмыстарын жүргізуі қажет. Сөйтіп, баланы құтқарудың жолын іздестіреді. Ал егер де жағдай ушығып, мектептегі мамандардың шамасы жетпей жатса, онда кибербуллингке тап болған балалармен жұмыс істейтін арнайы мекемелерге, мамандарға жүгінген дұрыс. Бұдан бөлек, ата-ана мен мектеп ұстаздары балаларға интернетті пайдалану нұсқаулықтарын көрсетуі керек. Яғни олардың онда не көріп, не тыңдап отырғанын бақылауда ұстап, қажет болса, бағыт-бағдар берген дұрыс. Мәселен, интернетті пайдалануға белгілі бір уақытқа шектеу қоюға да болады. Күніне 30 минут не бір сағат дегендей. Ойындарды да ата-ананың рұқсатымен орнату, сонымен бірге балаларға пайдалы болатын платформалар жөнінде кеңес беру деген секілді қолдау әрекететтеріне қолға алуға мән берген дұрыс, − дейді Гүлжайна Нетбаева.

ОҚУШЫ БАҚЫЛАУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Білім ордасының бүгінгі міндеті айтарлықтай артты. Оқушыны білім нәрімен сусындатудан бөлек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық ортадағы статусын анықтау, ортаға бейімдеу шараларын жүргізу керек. Әсіресе өзгенің айдауына ермей, әлімжеттік көрмеуін қадағалау маңызды. Бұл мақсатта қазіргі мектепте қандай шара атқарылатыны туралы қаладағы Н.Ахмадеева атындағы №112 орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жұлдыз Асқаровадан сұрадық.

− Мектеп оқушылары арасындағы буллинг, интернеттегі қауіпсіздік − қазіргі өзекті мәселеге

айналды. Ал бұған жол бермес үшін педагогтер тарапынан біраз жұмыс атқарылуда. Мәселен, жыл басында «Кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша» жоспар жасалды. Жоспарға сай «Ұстаз−Ата-ана−Мектеп» үштік одағының бірлестігін нығайту, балаға қауіпсіз орта жағдайын жасау мақсатында іс-шаралар ұйымдастырылады. Атап айтқанда, биылғы оқу жылының өзінде «Құқықбұзушылықтың алдын алу профилактикасы шараларын ұйымдастыру, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық және қылмыс, нашақорлықтың алдын-алу, интернет қауіпсіздігі мен суицид, зорлық-зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алу» бағытында ақпараттық-танымдық біліммен қамтамасыз ету мақсатында үздіксіз сала мамандарымен байланыс орната отырып, құқықтық сағаттар, түсіндірме профилактикалық жұмыстары және дөңгелек үстелдер өткізіліп келеді. Профилактика бағытында сынып сағаттарында, сонымен қатар психологтармен, мектеп инспекторымен бірлескен іс-шаралар атқарылып келеді. Жастар ресурстық орталығының мамандары «Зорлық-зомбылықтың алдын алу және бала құқығы» тақырыбында кездесу өтті, − дейді Жұлдыз Ғалымжанқызы.

Одан бөлек, мектеп оқушыларына «Қатігездік пен зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» атты лекция жүргізілген. Лекция барысында «Тұрмыстық-зорлық зомбылық» тақырыбында ҚР-ның Конституциясы баптарына сәйкес адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмаушылық, азаматтың ар-намысы мен абыройына нұқсан келтірмеу, адам құқығының қорғалуы жайлы жан-жақты түсінік берілді. Зорлық-зомбылықтың түрлері, сипаттамалары және оларға қолданылатын жаза түрлері таныстырылды. «Зорлық-зомбылықсыз қоғам» тақырыбында 8-сынып оқушыларымен дөңгелек үстел, «Әйел зорлық, бала қорлық көрмесін» тақырыбында 9-сынып оқушыларымен кездесу, «Үйдегі тыныштықтан жер бетіндегі бейбітшілікке» тақырыбында 7-сынып оқушыларына танымдық сағат, «Қауіпсіз балалық шақ» тақырыбында бастауыш сынып оқушыларымен түсіндірме жұмыстары, мектеп инспекторы және психологтармен бірлескен құқықтық-психологиялық кеңес беру бағытында іс-шаралар жүргізілген.

Сондай-ақ Мектеп психологтары да «Буллинг, кибербуллинг туралы сөйлесейік» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын, «Мектептегі зорлық-зомбылықтың алдын алу» мақсатында психологиялық тренинг өткізуде. Ата-аналар жиналысында тақырып төңірегінде мәселелер қозғалып, тығыз байланыс орнатылған. Мұндай шаралардың маңызы жоғары. Ең бірінші кезекте қауіптің алдын алуда ақпараттық түсіндірме жұмыстарының көмегі мол. Сонымен қатар педагогтің біліктілігі де оқушыны қауіптен сақтай алады.

P.S. Қалай болғанда да интернеттен түбегейлі бас тартпақ түгілі шектеудің өзі қазіргі заманда оңай болмайды. Бірақ болашағымыз деп жүрген балалардың басын қатерге тікпеуіне, қауіптен аман болуына жағдай жасау – міндет. Алайда ересектердің өзі алаяқтарға алданып, сан соғып қалып жатқанда бейқам балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету де мәселеге айналды. Интернетті өмірімізге қалай кіргізсек, ондағы қауіпсіздікті де ең бірінші кезекке қоюды, қауіпсіз қолдануды үйренуіміз керек-ақ.

А.БІРКЕНОВ

Елге керегі – сапалы инфрақұрылым

Қала әкімдігінің баспасөз орталығында өткен брифингте Тасбөгет кентінің әкімі Семсер Сыздықов өткен жылы кентте атқарылған жұмыстарды БАҚ өкілдеріне мәлімдеді.

Халыққа керегі сапалы жол, жарық, таза ауызсу екені белгілі. Осы орайда былтыр кенттің инфрақұрылымын дамыту мақсатында 2,3 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінген. Нәтижесінде бірқатар ауқымды жобалар жүзеге асты. Атап айтсақ, 16 млн теңгеге кенттегі электр желілері жөндеуден өтіп, 1412 үйге ұзындығы 25 шақырым болатын жаңа электр желісі тартылды. Сондай-ақ 2 қосалқы станция қойылды. Кенттегі О.Сейітпенбетов және Е.Қосжанов көшелеріне, Сабалақ саяжайының кіреберісіндегі жаңа мектеп алдындағы көшеге асфальт жабындысы, 7 көшенің белгіленген бөліктеріне қиыршық тас төселген. Сонымен қатар А.Құнанбаев және Қ.Исмайлов көшелерінің бойына 2 дана аялдама және Наурыз шағын ауданына, С.Мыханов көшесіне көше жарығы орнатылған.

Облыс және қала басшылығының қолдауымен демеушілер тарапынан Тасбөгет пен саяжай аумағына 4 жиынтық балалар ойын алаңы салынды. Одан бөлек, кентте Тасарық шағын ауданынан 2 қабатты өнер орталығы, «Ина-Жан Орда» жеке балабақшасының ғимаратын кеңейту мақсатында 100 балаға арналған 2 қабатты ғимарат салынды. Сондай-ақ «Арғымақ», «Тасбөгет», «Сабалақ» атты өз-өзіне қызмет көрсететін көлік жуу пункттері, «Qyzylorda.vorota» темір өнімдерін жасап шығару цехы, «Bota Tattileri» атты жартылай фабрикат және кондитерлік өнімдер дайындайтын цехы ашылып, наубайхана өндірісі іске қосылған. Әлеуметтік бейімдеу орталығына қызмет алушылар үшін монша құрылысы жүргізіліп, саябақ жанынан биометриялық зертхана салынуда. Ерекше айта кету керек, 5 қабатты 53 пәтерлі тұрғын үй құрылысы жүруде.

– Қазіргі кезде шағын және орта бизнес саласын қолдауға мемлекет тарапынан үлкен көңіл бөлінуде. Тасбөгеттік кәсіпкерлер де бұл мүмкіндікті тиімді пайдаланып, түрлі бағдарлама аясында өндіріс, құрылыс, білім, сондай-ақ қызмет көрсету саласындағы өз бизнес-жобасын табысты жүзеге асырып келеді. Мәселен, жыл көлемінде кентте жаңадан 173 кәсіпкер тіркеліп, олардың саны 1426-ға артты. Мемлекеттік бағдарламалар аясында өткен жылдың өзінде кәсіпкерлердің 111 жобасы мақұлданып, 634 млн теңгеге қаржыландырылды. Ал жалпы құны 78,5 млн теңгені құрайтын 61 жоба қайтарымсыз грант ұтып алды. Одан кейін түрлі әлеуметтік және кәсіпкерлік нысандар салуға кәсіпкерлер тарапынан кентімізге 2 млрд 6 млн теңге көлемінде инвестиция құйылды. Соның нәтижесінде, кәсіпкерлік нысандарда ашылған жұмыс орындары есебінен барлығы 325 адам тұрақты жұмыспен қамтылды, – деді кент әкімі.

Сонымен қатар брифинг барысында саяжайларда атқарылған жұмыстар барысы да сөз болды. Мәселен, өткен жылы «Сабалақ», «Еңбек» саяжайларындағы 1627 үйге ұзындығы 34,6 шақырым болатын электр желілері тартылып, барлығы 13 қосалқы станция орнатылды. «Еңбек» және «Өркендеу» бау-бақша серіктестіктеріне ұзындығы 12,4 шақырымға ауызсу құбыры тартылды. Кент және саяжай аумақтарына 2 дренажды ұңғыма қазылып, «Қаржыгер» бау-бақша серіктестігі аумағына 1 дизельді аяқсу насосы орнатылған. Бұл жұмыстардан бөлек, «Сабалақ» саяжайында «Bilim Orda» мектебі салынып, 150 орындық Ш.Есенов атындағы №285 қалалық дарынды балаларға арналған мектеп-лицей-интернатының құрылысы жүргізілді. Сондай-ақ 50 орындық «Айбибі» бөбекжай-балабақшасы және «Dimash Academ Kids» атты 250 балаға арналған оқу орталығы ашылды.

– Биылғы жылға да көптеген жоспарлы жұмыстарымыз бар. 2023 жылы мемлекеттік бюджет, демеуші көздер және инвестиция есебінен 2,5 млрд теңгенің жұмыстары атқарылады деп күтілуде. Оның ішінде Тасбөгет кентіндегі 41 көшеге жөндеу жұмысын жүргізу, «Шаухаман бағын» абаттандыру, денешынықтыру-сауықтыру кешенінің және 5 қабатты 135 пәтерлі тұрғын үй құрылысы сынды жұмыстар қамтылған, – деді С.Сыздықов.

Ақмарал ҚАДЫРХАНҚЫЗЫ

МАҚТАНЫШҚА АЙНАЛҒАН АЛТЫН ҰЯ

Қарауылтөбе ауылдық округіндегі Айтбай Хангелдин атындағы №179 мектебі қай кезде ауыл балаларына сапалы білім беру мен жағдай жасаумен ерекшеленіп келеді. 1997 жылы мектепке ақын, драматург, публицист, аудармашы Айтбай Хангелдиннің есімі берілген. Үздіксіз қызмет етіп келе жатқан білім ордасына бүгінде 85 жыл толды.

Жақында атаулы мерекеге орай мектепте «Білімнің бесігін тербеткен» тақырыбында мерекелік шара өтті. Шараға ауыл әкімі, облыстық кәсіподақ комитеті төрағасының орынбасары Нұргүл Сабырқызы, қалалық кәсіподақ комитетінің төрағасы Орынша Міржақыпқызы, қалалық білім бөлімінің әдіскері Нұржан Қуанышбай мен ардагер ұстаздар, ауыл әкімі қатысты.

– Құрметті ардагерлер және ұстаздар, сіздерді 85 жылдық мерейтоймен құттықтаймын. Ұстаздар мен шәкірттердің тек биіктен көрінуі мектеп мерейін өсіреді. Мұны өздеріне артылған жауапкершілікті жұмыла көтере білген ағартушылардың арқасы десем артық болмас. Өскелең ұрпаққа заман ағымына сай білім мен тәрбие беруде оларға қойылатын талап жоғары. Ал қазіргі уақытта оқытудың жаңа әдісін қолдану оқушының білім деңгейінің өсуіне өз септігін тигізеді. Бұл тұрғыда нәтиже баршылық. Біздегі басты мақсат – алдымызға келген өреннен адамгершілікті, білімді, салауатты азамат қалыптастыру. Осы жолда аянбай еңбек етіп жүрген ұстаздар қауымына шын жүректен алғыс білдіремін, – деді Орынша Міржақыпқызы.

Мерекелік шарада ұстаздар қауымы қала әкімінің, облыстық, қалалық кәсіподақ комитетінің «Құрмет» грамотасымен марапатталып, сыйлықтар табысталды. Сондай-ақ мектеп қабырғасында білім алып жатқан өнерлі оқушылар мерейтой құрметіне ән-жырдан шашу шашты. Осылайша, бірнеше буын ұрпақ өкілдері бас қосып, білім алған, еселі еңбек еткен жандар естеліктерімен бөлісіп, мерейтойға жылы лебіздерін білдірді.

Жалпы білім ұясында бүгінде Айтбай Хангелдин атындағы арнайы кабинет жабдықталған. Ол жерде ақынның қолжазба жұмыстары, фотолары, түрлі суреттері сақталған. Сонымен қатар мектеп мерейтойында ардагерлер бөлмесі де ашылды.

Айта кетерлік жайт, мектептің 85 жылдық мерейтойы аясында «Хангелдин даралары» мектепшілік дебат клубының жетекшісі Қазына Ниязованың ұйымдастыруымен «Мектеп тарих толқынында» тақырыбында ауыл мектептері арасында пікірталас турнирі ұйымдастырылды. Одан бөлек «Білімнің мерейлі мекені» тақырыбында қалалық семинар өтті.

А.НҰР

Тасбөгет кентіндегі №176 орта мектепте ардагер ұстаз, білім ошағын абыроймен басқарған азамат Аманжол Байманұлының 80 жылдық мерейтойына орай «Ұстаз жолы – парасат» апталығы ұйымдастырылды. «ҚР білім беру ісінің үздігі» Аманжол Байманұлының 80 жасқа толу мерейтойына арнап мектеп қабырғасында бірнеше шара ұйымдастырылды.

АРДАГЕР ҰСТАЗ ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ

Мерейтой иесінің құрметіне орай қалалық білім бөлімі әдіскерлерінің ұйымдастыруымен 7-8 сыныптар арасында химия, биология пәндерінен аймақтық олимпиада, үстел теннисінен мұғалімдер арасында сайыс ұйымдастырылды. Олимпиада мен сайысқа 14 мектептен барлығы 53 оқушы мен ұстаздар қатысты. Білім мен спорт сынға түскен сайыстарда жеңіске жеткендерді ардагер ұстаз Аманжол Байманов өзі марапаттады.

Апталықтың қорытынды күнінде ұлағатты ұстаздың «Өртеңде өскен өркенбіз» кітабын «Оқуға құштар мектеп» жобасының мүшелері талдады. Сондай-ақ мерейтой қонақтары мектеп музейінен ашылған «Ұстаздық – ұлы қызмет» экспозициясының ашылуын тамашалады.

«Үлкеннің жолы – ұлылық, ұрпақтар жүрер ұғынып» тақырыбындағы қорытынды кешке облыстық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары, облыстық кәсіподақ комитеті төрайымының орынбасары, облыстық білім саласы ардагерлер кеңесінің төрағасы, қала әкімінің кеңесшісі, Тасбөгет кентінің әкімі, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің басшысы, ардагер ұстаздар мен шәкірттері қатысты.

Кент әкімі Семсер Сыздықов ардагер-ұстаз, «ҚР білім беру ісінің үздігі» Аманжол Байманұлының 80 жасқа толу мерейтойына арналған шарада өзінің ізгі лебізін білдіріп, мерейтой иесіне сыйсыяпат табыстады. Одан бөлек ардагердің өзі ұзақ жылдар бойы қызмет еткен №176 орта мектептің ұйымдастыруымен өткізілген шара барысында қатысушыларға мектептің тарихы, мерейтой иесінің еңбек жолы, оның білім ордасына сіңірген еңбегі баяндалып, жас ұрпаққа өнеге боларлық жақсы әңгімелер айтылды.

«Ақмешіт-ақпарат»

THE WALL STREET JOURNAL.

АҚШ-ҚЫТАЙ: КІМ КІНӘЛІ?

АҚШ пен Қытайдың жоғары лауазымды шенеуніктері сенбіде елдің жоғарғы дипломаттары арасындағы шиеленіс жағдайында және Қытай шарының құлауына байланысты «айыптаулармен» алмасты.

Қытайдың сыртқы саясаттағы ең жоғары лауазымды қызметкері Ван И Мюнхен қауіпсіздік конференциясында АҚШ жерінде пайда болған қытайлық шар туралы мәлімдемелерді сынға алды. Сол күні кешке АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Блинкен мен Ван бейресми бір сағаттық кездесу өткізген.

«Мемлекеттік хатшы Қытайдың әуе шары арқылы АҚШ жерін бақылау егемендік пен аумақтық заңнама бұзғанын айтып, мұндай оқиға ешқашан қайталанбауы керек екенін ескертті», – делінген Нед Прайс мәлімдемесінде.

Негізі Мюнхен кездесуі Байден әкімшілігінің шар оқиғасынан кейін және сол кездегі Палатаның спикері Нэнси Пелосидің өткен жылы Тайваньға сапарынан кейін екі ел арасындағы қарым-қатынастың нашарлауын тоқтатуға бағытталған.

Мюнхендегі Қытай делегациясының мүшесі Ван Хуйяо: «Екі жоғары дәрежелі дипломаттың кездесуі екі жақтың болашақтағы жоғары деңгейдегі диалогын қайта бастауға жол ашты. Енді екі ел тек шар туралы сөйлесіп қана қоймай, сонымен қатар басқа мәселелер бойынша келіссөздер үстеліне қайта оралады», – деді.

Алайда екі елдің қарым-қатынасы жақсарады дегенге сенетіндер аз. Өйткені кездесуде қытайлық тарап не мақсаттағы шар екенін ашып айтпады және кешірім де сұрамады.

Ал Қытайдың Синьхуа агенттігі 4 ақпанда американдық жойғыш ұшағы атып түсірген Қытай шарына қатысты Қытайдың ұстанымын баяндап, АҚШ-ты «Қытайды негізсіз айыптап, залал келтірді», – деген ой білдірген деп жазды.

Кездесуде сондай-ақ, Қытайдың Ресейге «болжамды» көмегі мен Тайвань ахуалы да айтылды. Сонымен қатар Блинкен алдағы уақытта келіссөз жалғасып, Байден Си Цзиньпинге хабарласатынын да жеткізген.

Мюнхен кездесуінде қытайлық дипломат Ван алдағы уақытта ҚХР да Ресей мен Украина арасындағы қақтығысқа байланысты мәлімдеме жасайтынын айтты. «Біз біреудің арқасында қарын тойдыруға қарсымыз. Қашанда бейбіт келіссөздерді қолдаймыз. Сонымен қатар ешқашан отқа май құймаймыз», – деді Ван.

Байден әкімшілігінің климат жөніндегі арнайы өкілі Джон Кэрри өзінің қытайлық әріптесімен климаттың өзгеруі туралы келіссөздерді қайта қарауға дайын екенін және бұл мәселеге назар аудару арқылы Бейжіңмен байланысты қайта нығайтамыз деп үміттенетінін айтты. «Менің ойымша, климат – бұл ынтымақтастықты табудың жолы», – деді ол.

Түпнұсқадан аударып, шолу жасаған
Аслан НҰРАЗҒАЛИ

БАСТЫ МАҚСАТ – ЖАЗАЛАУ ЕМЕС...

Қазіргі қоғамда оның ішінде сот жүйесінде дауды бітіммен аяқтау көбейді. Негізінде қазақтың көне заңдарында алдымен жазалау емес, дау-шарды келісіммен аяқтауға көп мән берілген. Мұнысы қазақ болмысының бейбітшілікке жақын екенін, «татулық береке бастауы» деген қанатты сөзді бекер ұстанбағанын аңғартады.

Бабалар ұстанған осы дәстүр бүгінгі күні сот жүйесіне қайта оралды. Осыдан он екі жыл бұрын «Медиация туралы» заң қабылданып, оның негізінде сот медиациясы ұғымы өмірге келді. Яғни заң талаптарына сай дауласқан тараптар кәсіби не кәсіби емес медиаторға жүгінбей-ақ, төрағалық етуші судьяға судья-медиатор ретінде келісімді бекіту туралы өтініш хат келтіре алады. Бірнеше жыл осы тәртіппен келген жүйе 2018 жылы қайта жаңғырды. Бұл жолы дауды сотқа дейін шешу. Яғни талап қою сотқа келіп түскеннен кейін сот өндірісіне алмастан бұрын тараптарға дауды татуласумен аяқтау туралы ұсыныс келтіру.

Осы өзгерістер оң нәтижесін берді де. Себебі дау туындаған жағдайда істің сот өндірісінде айлап қаралғанынан, даудың бір сәтте шешілгені анағұрлым тиімді еді. Одан бөлек тараптар арасында бір-біріне деген сыйластық қалып, мемлекеттік баж кері қайтарылады. Тіпті тараптар өзара келісіп жатса, басқа да сот шығыстарын дауламауы да мүмкін. Уақыт өте келе тиімді институт дамып, 2021 жылдың желтоқсанынан бастап азаматтық істер бойынша дауды «сотқа дейінгі хаттама» арқылы шешу қолға алынды.

Бұрын судья талап қою түскен сәттен бастап татуластыру рәсімін бес жұмыс күнінде жүргізетін болса, жаңа өзгеріске сәйкес, талап қою түскеннен кейін он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Бұл тетік тараптарды сотқа дейін татуластыру, дұрыс шешім қабылдау үшін қосымша уақыт беру мақсатын көздейді. Сонымен қатар сотқа дейінгі хаттама келесі жақтың дәлел-дәйегімен танысқан азаматтардың ойлануына, оң шешім қабылдауына түрткі болады. Тараптар өз талабының немесе қарсылығының негізін, дәлелдерін хаттамада көрсете алады. Себебі Азаматтық процестік кодекстің 73-бабының, 1-бөлігінде дәлелдемелерді тараптар және іске қатысатын басқа да тұлғалар бірінші сатыдағы сотқа олар сотқа дейінгі хаттаманы жасай отырып, талап қоюды қабылдаған кезде ұсынады, онда тараптардың және іске қатысатын басқа да тұлғалардың олар өздерінің талаптарының немесе қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасауға және істі сотта қараған жағдайда оларды пайдалануға ниет білдірген дәлелдемелерді ашу, ұсыну және алмасу бойынша әрекеттері көрсетіледі делінген. Сондықтан дәлелдемелерді ұсыну бойынша сотқа дейінгі хаттаманың маңыздылығы жоғары.

Аталған өзгерістерге сай татуластырушы судьяның рөлі артты. Талап қою түскеннен бастап татуластырушы судья тараптарға «Сотқа дейінгі хаттаманы» жіберіп, құқықтық көмек көрсетуде айтарлықтай еңбек етеді. Оның міндеті – тараптарды ортақ келісімге келтіру, дауды бейбіт шешу. Мұндай ізгі ниетті, құқықтық көмекті түсініп татуластыру тетіктерін тиімді пайдаланып жатқандардың қатары өсіп келеді.

Айнұр ӘБІЛҚАЙЫСҚЫЗЫ,
Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы

Заңсыз ойын ұйымдастырушыларға сот үкімі шықты

Қызылорда облысы бойынша экономикалық тергеп-тексеру департаментімен тергеуі аяқталған кезекті қылмыстық іс бойынша сот үкімі шықты. Қызылорда облысы бойынша тергеп-тексеру департаментінің баспасөз қызметінің мәліметінше, Алматы қаласының тұрғыны У.А. Қызылорда қаласында интернет-казино ашып, заңсыз ойын бизнесін бастаған. 2022 жылдың мамыр айында қаладағы Қазыбек би көшесінің бойындағы көпқабатты үйден пәтер жалға алып, 8 дербес компьютер орнатып, оларды интернет желісіне қосқан. Өзінің бұрынғы екі танысын келушілерге қызмет көрсетуші ретінде жұмысқа тартқан. Сот компьютерлік-техникалық сараптамасы алынған компьютерлерге «Superomatic» бағдарламасын қосу арқылы онлайн ойындар сайтына қолжетімділік қамтамасыз етілгенін анықтады.

Оның заңсыз әрекеті Қызылорда облысы бойынша ЭТД қызметкерлерімен әшкере болып, ойын орнынан 8 компьютерлік жүйе мониторымен, «Huawei», «TP-Link», «Altel» модельді 3 модем, «Ezviz» бейнекамерасы, 1 желілік хап және кассадағы 23000 теңге ақша алынған.

Заңсыз бизнестің жүргізілген айларындағы барлық кіріс-шығыс есеп құжаттарына жүргізілген «бухгалтерлік және қаржы бюджеттік зерттеу» сот сараптамалары бойынша сарапшы-маманның қорытындысына сәйкес, заңсыз қызметтен түскен табыс көлемі 8 млн 190 мың теңгені құрады. Бұл ірі мөлшерге жатады. Сот барысында азаматша У.А. өз кінәсін толықтай мойындау туралы процессуалдық келісімге қол қойған.

Қызылорда қалалық №2 сотының үкімімен, ҚР ҚК-нің 307 бабы 2 бөлігі 3 тармағымен қарастырылған қылмыстық әрекеті үшін, азаматша У.А. 2 жыл мерзімге бас бостандығын шектеу жазасына кесілді. Барлық мерзімге пробациялық бақылау және жыл сайын жүз сағатқа мәжбүрлі еңбекке тарту тағайындалды.

Сондай-ақ заңсыз ойын ұйымдастыру дерегі бойынша тағы бір қылмыстық іс аяқталып, сот үкімі шықты.

Қызылорда қаласының тұрғыны, 1984 жылы туған Н.М. 2022 жылдың қаңтар айында қаланың Панфилов көшесінен көпқабатты үйдің бірінші қабатынан келісім шарт негізінде ғимарат жалға алып, заңсыз ойын бизнесін бастаған. Ғимарат ішіне компьютерлік құрылғыларды құрып, оларға бәс тігу мөлшерлемелерін қабылдауға (есепке алуға) және бәс тігу бойынша ұтыс төлеуге қажетті «Зенит» бағдарламасын орнатып, букмекерлік кеңсенің кассасын ашқан. Екі күзетші және кассир-операторды күнделікті жалақымен жұмысқа алған. Осылайша, М.Н-ның букмекерлік кеңсесі (букмекерлік кеңсенің кассасы) 2022 жылдың қаңтар-қазан айлары аралығында қолма-қол ақша қаражатқа бәс тігу мөлшерлемелерін қабылдау арқылы ұтыс төлеу жолымен жұмыс жасаған.

2022 жылдың қазан айында әшкереленген бұл заңсыз әрекет сот компьютер-технологиялық сараптама қорытындысымен, М.Н-ның мойындаған жауабымен, жасырын бақыланатын сатып алуды жүргізу хаттамасымен, беттестіру хаттамаларымен дәлелденді.

Қызылорда қалалық №2 сотының шешімімен ойын мекемесін заңсыз ашып, ойын бизнесі саласындағы қызметті заңсыз ұйымдастырған азамат М.Н. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 307-бабы 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 200 (екі жүз) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, яғни 612 600 (алты жүз он екі мың алты жүз) теңге айыппұлға тартылды.

Ойын орнынан тәркіленген 12 телевизор, 24 монитор, 7 компьютер процессоры, 8 ноутбук, касса аппараты мен терминал аппараттарын аппараттары, 1 модем, 11 «TV» тюнинг және кассадан алынған 30 500 теңге ақша мемлекет кірісіне алынды.

«Ақмешіт ақпарат»
Суреттер ашық дереккөзден алынды

Меншік иесі: СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы
Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір –1013, 1018,1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция көзқарасымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.
Таралымы 2922 **Тапсырыс №289**

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Нөмірдің кезекші редакторы Ақтолқын НҰРЛЫБАЙ